

Ж. АИТОВА

ӘСЕТ АРНАУЛАРЫНЫҢ БЕЛГІСІЗ ҚЫРЛАРЫ

Қай жанрда, қай тақырыпта болмасын өзінің тума талантының жан-жақтылығын көрсете білетін Әсет ақын фольклор аясындағы жанрларды өз тарапынан көркемдікпен игеріп, қажет жерінде орнымен пайдалана білді.

«Осы тұста, – дейді әдебиеттанушы-ғалым Манап Хасенов, – айта кететін жай фольклор тақырыбына, ауыз әдебиеті қазынасына суреткерлер бірде тікелей барса, енді бірде халық даналығын, тіл байлығын шебер пайдалану арқылы өз творчествосын

байытып, түр мен мазмұн тұтастығын шыңдай түскен» [1, 5].

Ақынның фольклорлық дәстүр үлгісінде жазылған өлеңдері (Қанағат болысқа, Қабір басында, Нұғыманға т.т.) тақырыптық-идеялық мазмұнына қарай: *одалық*, *элегиялық* және *сатиралық* (кейде пародиялық) болып келеді. Әсет арнаулары фольклор аясында қалып қоймаған, өзіндік соны мазмұнмен дамып, шыңдалып отырған.

Әсет Найманбайұлының арнау өлеңдеріндегі

жекелік пен көптіктің ара жігін айырып алмай, ақын қалам тартқан жанрдың көркемдік, мазмұндық және формалық қыры мен сырына тереңдеп бойлай алмаймыз. Қытай халық Республикасында шыққан шығармалар жинағында ақынның мына үш арнауы: «Жігіттерге», «Бозбалаға» жалпылай арнау мазмұнында жазылған, қалған алты арнауы жеке тұлғаларға арналған.

Әсет ақынның өз өнерін жоғары бағалап, өнерін тындап, өзімен қауышуға келген талантына табынушыларына көбіне өлеңдерінің басында кірістірме *арнау мәнді шумақтарды* кейде төрттағандата, енді бірде егіздете төгілгенін «Өнер» т.б. өлеңдерінің кіріспе шоғырларынан аңғара аламыз.

Домбыра екі шекті қолға алайын,
Жайындай суда жатқан қозғалайын.
Жамиғат, құлақ салып, тындасандар,
Азырақ білгенімнен жорғалайын [2, 61].

Немесе

Бір адам мендей болар жүре берген,
Жамиғат, сен тындасаң айтамын сөз [3, 68].

Лирикалық кез келген өлең не монологқа, не диалогқа құрылғанын ескерер болсақ, ақын не өз атынан, не шартты лирикалық кейіпкер атынан, яғни, адресатқа өз сөзін арнайды. Бізге ең бірінші ақын сөз саптауындағы жарату мен жаратпаудың қайсысы көрініс тапқанын анықтағаннан кейін, ақын стиліне тән апофеоздік, ирониялық, антифразистік және астеизмдік сипаттардың қайсысына ақынның басымдық бергенін анықтаған соң ғана, ақынның өз заманындағы ел аузына іліккен аралас-құралас тұлғаларының бәріне бірдей арнау өлең шығара бермегенін, өзі дұрыс деп тапқан қолайлы, оңтайлы сәтте, не пародиялық сарындағы, не одалық сарындағы арнау өлеңдерін шығара білгенін ескеруіміз керек.

1911 жылы мамыр айында Шәуешек қаласындағы Мырауыт деген бай саудагер Әсетті қонаққа шақырып, оның өнерін естуге ентелеген жұрттан ақша-мал жинап алуға арамдықпен сұқтанып, есікке адам қояды, мұны сезген Әсет:

Дүние жолдас бола ма адамдарға
Не қажет айтып айпай надандарға
Байлығын өлеңменен өңдемек пе?
Бұл сырды апспай болмас жарандарға!
Байкем байлығына тоймаған ба,
Не жетсін өнер қуып ойлағанға
«Еңбексіз бақыт таңы атпас» – деген
«Алуды» әмір шашып қоймаған ба?! –

деп жұғыны кепкен тоймас аранға зілді тойтарыс жасайды. Сонда Ешен хазірет ортаға араласып: ән шырқап, өлең айту күнә, бұл жын ойнақ шайтанның ісі, Әсетті жазалау керек, – деп даурығыпты.

Ақын Әсет мұны да өзінің өлеңмен өрілген от қамшысымен былай оскылайды:

Өлең бір дөңгеленген майда жорға
Қисыны қиуласар әрең зорға.
Жаралдың адам болып, мал емессің
Ілінбе, хазіретім, шықпас торға
Мысалы надан адам моламен тең
Не пайда байлығынан арам олжа.
Аллаға күпірлік іс істемедім
Қалайша келе мені тарттың сотқа?!
Алтын-күміс жамбыға дұға саттың
Не үшін қарамайсыз бар мен жоққа?
Құдайға кім күнәлі, кімдер адам?
Төрелік айтқызалық осы топқа
«Заладун уан пушаһам» деген аят
Ей қазы, осы өлеңде бар ма жоқ па?!
«Аса бір шайтан» деген әділ сөз бар
«Бесса бір рахман» деген қайда!
Күнәсіз боламын деп ойлай көрме,
Саттың ғой дінді апарып әрбір жайға
Алдап-арбап біреудің малын жесең
Діні қатты демей ме, тілі майда! [2, 28].

Әсет ақынның одаларының ерекшелігі біріншіден – тақырып тарлығы, екіншіден – көбіне хат формасында жазылуы. Әсет арнауларында үш тақырып қана бар: жеке тұлға, қазақ халқы және өзінен кейінгі буын мен келер ұрпақ пен жерге арналған ақын арнаулары. Соңғысы көп емес, өзіне құт мекен болған Алтайдың елі мен жеріне деген ақынның ыстық ілтипатын білдіретін, пейзаждық лирикамен әспеттелген тамаша жыр жауыары.

Алтайды абақ керей жатқан жайлап,
Сапырып сар қымызын бие байлап.
Тасы – алтын, тауы – күміс, кеудесі – гүл,
Ел екен жер сарасын алған таңдап.
Таулары жасыл желек өрмек екен,
Аң мен мал арасына толған екен.
Сулары сүйек сорпа секілденіп,
Жұтсаң күш қосатындай бойға бөтен.
Жаз көркі жанға тыныш болғанымен,
Қыс елге қырсық қонақ болған екен.
Елінде талай егей туғанымен,
Надандық масыл елге қорған екен [2,94], –

деген Әсет жыр шашуынан қазақ арнауларында кездесе бермейтін тың жаңалық лебі еседі. Ақын өр Алтай аясында жалаң табиғатты жырлап кетпей, оны мекен еткен елдің тұрмыс-тіршілігін де бірлікте ала білген.

2000 жылы ҚХР шыққан Әсет Найманбай-ұлы шығармаларының біразы ақынның қытай қазақтарының арасындағы ел азаматтарына арналған арнау өлеңдері болып табылады. Олар: «3 болыстарға», «Рабатқа», «Әптіге», «Құрманғажыға», «Қонжа ілгідайға», «Нұғыманға».

Ақынның келесі «Рабатқа» өлеңі ақынның өміріндегі қиын бір кезеңде 1918 жылы қазан айын-

да жазылған. Онда Рабаттың жеке басын дәріптеп, ата-тегін көкке көтере жырлау мәнері жоққа тән. Тек өлеңнің басқы жолында:

Сейіт мырза сізді айтты сал Қайып бай,
Мәдени басшымыз деп әбден таза, –

және аяғында ғана:

Топ жарған толық милы көсем дейді,
Ғапу ет сөздеріме болса қалыс, –

деп, Рабаттың қытай қазақтары арасындағы алар орны ақын сөзімен айқындалған. Өйткені, Әсет арнауының осы тұстары Рабатқа қатысты болса, қалғаны ақын мен халықтың ауыр тірлігі жайында.

Келесі екі арнау өлеңдері қытай қазақтарының арасындағы Әпті батырға және хат түрінде Құрманғажыға айтқан арнаулары ақынның оларға деген ілтипатымен бірге кей істерімен өз басының келіспейтінін білдіреді. Өлеңдердің бойында арналған адамдарын мадақтаудан гөрі назы басым болып келгендігін аңғарамыз.

Арнау өлеңдерінің ішінде таза мадақтауға құрылғаны – ақын қаламынан туындаған екі елдің арасын жол қылып Шығыс Түркістан өңіріне барып келіп жүргенінде 1907 жылы жазған “Қонжа ілгедайға” арнауы. Онда Қонжаның әкесі – Жақсылық пен шыққан атасы – Кенже Шотай ауызға алынып:

Иншалла төрт түлігі бәрі де сай,
Қыстауы Қызыл менен Семізтайды.
Жайлауы Күрең Өндірі; Сауыр Тактай, –

деп, байлығы мен салтанаты жырға қосылады.

Әсеттің исламды өлеңмен насихаттағанын хош көрмеушілер арасынан ақын Шәуешекке кеткен сапарында көзінің жоқтығын пайдаланып, тума руынан шыққан Әбдішүкір деген молда ақынды жастарды өлеңмен бүлдіріп жүр деп жамандап, Нұғыман болысқа шағынады. Осыны шетте жүгенде ілешала естіген Әсет Нұғыманға өзінің арнау өлеңін хатпен жібереді. Ол арнау мынандай финалдық шумақпен аяқталады:

...Басыңа жоқшылық күн бір түседі.
Бейшара айтып еді Әсетім деп,
Қоянда желіс те жоқаяқ та жоқ.
Мына сұм дүниеде баян да жоқ
Байлаулы тор шалағы тұр демесең,
Әсетте онан басқа шама да жоқ.
Нұға, мұны айтып қой Шүкіріңе (Әбдішүкір),
Өсекті жеп қоспасын зікіріне.
Адам мен албастыны айырмаса,
Не демек ғарасаттың үкіміне [2,85], –

деп, Нұғыман болыстан өзін Әбдішүкірдің жаласынан арашалап алуды өгінеді.

Қазақ әдебиетінің аяғынан қаз тұрып, әлем әдебиетінің көшіне ілесе бастаған дәуірінде шығар-

машылық ғұмыр кешкен Әсет Найманбайұлы өзінің поэтикалық қуатын ұстазы Абай дәстүрінде:

Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол,
Қаза көрген жүрегі жаралы – ол.
Көздің жасын тыймай жылап жүріп,
Зарланып неге әнге салады ол? [3, 73-74], – аза-

лы жыр төгіп, оның Махамбеттен кейін биікке қайта көтеріп, элегия жанрында өз бағын сынаған ХХ ғасыр басындағы санаулы ақындардың бірі. Әсет те, оның тұстастары да дәстүрлі жоқтау жанрында өз қолдарымен көңілі жақын адамдарының қазасында айтылатын азалы теріс өлеңдер жазып бергендігі белгілі. Өзі араласып жүрген қара қылды қак жарған әділдігімен ел сөзін ұстаған ат мінерлерге ұнамай өткен адам Шынар Сапабайұлы алпыс жасқа келіп дүниеден қайтады, еліне елеулі адамның өліміне көңіл айтуға көңілінде марқұмға қыжылы бар ел жақсылары келмей қалады. Осы себеп Әсетке жоқтауды екі жазғызады. Әсет шығармашылығын зерттеп, ақын туралы тұңғыш кандидаттық диссертация жазған әдебиеттанушы Сайлау Қожағұлдың екі желіден тұрады деп жүргені содан болса керек [4, 33-34].

Қазақ фольклорлық элегиясы жайында фольклортанушы-ғалым, филология ғылымының докторы К.Матыжанов мынандай пікір айтады: «Көп жағдайда дәстүрлі жоқтауларда өлген адамның аты-жөні, істеген қызметі мен атақ дәрежесі көп атала бермейді. Сондықтан да ондай жоқтауларда нақты тарихи деректер, жағдаяттық оқиғаларға аса ден қойылмайды. Олардың барлығы халық салтында әбден қалыптасқан композициялық құрылым, сюжеттік желілер (егер ол бар болса), әуездер, тұрақты формулалар мен тармақтарға, сөз тіркестеріне құрылады. Әрине, олардың ішінде арақидік өлген адамға байланысты кейбір нақты деректер де сипатталып қалып отырады. Мәселен, ата-тегі, қазасының себебі, жасы, артында қалған ұрпағы, атамекені деген сияқты там-тұм деректер келтіреді. Бірақ ол дәстүрлі жоқтаудың өзегіне елеулі өзгешелік енгізбейді. Былайша айтқанда, дәстүрлі жоқтауларда, ең алдымен, құдайды ауызға ала отырып, дүниенің жалғандығы, пәнилігі сөз болады» [5, 66-67].

Қазақ әдебиетінде бірінші рет дәстүр аясынан аулақтап, ақынды, жалпы, шығармашылық адамын марқұмның бейнесіне әдеби-эстетикалық тұрғыдан келгізген лиро-эмоциялық шағыну: «Қызғыш құс», «Мұнарда, мұнар, мұнар күн» секілді Махамбет шығармашылығындағы Исатай рухына арналған өлеңдер циклі болса, ал Абай осы жанрды әлеуметтік аяда алып, философиялық элегияны өмірге әкелді. Төл әдебиетіміздегі элегия жанрының

ауыз әдебиетінен мүлде ірге ажыратуы ХХ ғасыр басындағы әдебиетте Абайдан кейін Әсет Найманбайұлы шығармашылығында бой көрсетті.

Аза жыры кездеспейтін әлем әдебиеті жоққа тән. Оның фольклордан ірге ажыратуы әр елдің әдебиетінде әр қилы дәрежеде, әр қилы дәуірлерде өтті. Жалпы, Әсеттануда ақын элегияларын көркемдік ерекшелігіне қарай екі қырынан танығанмыз жөн:

1. Фольклорлық дәстүрде жазылған: “Шынар Сапабайұлына шығарып бергені” т.т.

2. Әлем әдебиеті деңгейінде жазылған жоқтау элегиялары. Ақынның мұндай өлеңдері көп емес, біреу ғана – “Қара ағашқа”.

Ақынның Абайдың артынан ілесіп, тәлімін алуы босқа кеткен жоқ. Ақынның шығармашылық ғұмырындағы ауыр қазасы қытай қазақтарының жабыла сыйлаған абзал азаматы Найманның Төртуылының Ақбарақтан тараған Сүйіндік атасының Жауғашынан шыққан Демежан Керімбайұлының қабірінің басында шығарған Махамбеттің қызғыш құсқа мұң шаққанындай, қара ағашқа мұң шағуынан көрінеді. Ақын бұл элегиялық туындысынан ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі соны құбылыс анастрофалық тәсілге жүгінуін, яғни, затқа адамдай тіл қатуын байқаймыз. Әсет ақынның ағашпен сәлемдесуі Демежанның оның өмірінде ерекше орын алғанын аңғартады.

Ассалаумұғалиқум, Жалғыз ағаш,
Сып-сидам боп қалыпсың жап-жалаңаш.
Басында бақ-дәулетің тұрған кезде,
Саяңа келуші едік тамам алаш.

Енді мына бір жол Жалғыз ағаштың жетімсіреуі мен Демежан өлгеннен кейінгі ауыр халдегі халық тіршілігінен сыр шертеді.

Жарасқан ақ үйлері қайран Боздақ,
Көшірді құдайдан соң сібе зорлап...

Қу ағаш, разы емен бұл күйіңе,
Жарасып тұрушы едің боз үйіңе.

Бүтін қазақтың жарты қазақ боп екіге жарылуымен қоймай, екі империя тарапынан жерінен, атамекенінен айырылуының трагедиялық ахуалын ақын бір ғана тармақ бойына сыйдыра алған.

Махамбет пен Әсеттегі осы жоққа-бардай, өліге-тірідей, затқа-адамдай тіл қатудың стилистикалық айшықтауы екі ақынның қазақ элегиясын әлемдік деңгейге көтергенін аңғартады.

Демежанның өлімі туралы жазушы Қабдеш Жұмаділов өзінің “Тағдыр” романында мынандай деректі келтіреді: “Демежан ауылына барған шеріктерді көкала қойдай сабап, біреуін ұрып өлтіріпті”, – деген хабарды ұлықтардың өзі асығыс жариялады да, одан қазақтың “ұзын құлағы” ауыздан-ауызға көшіп жатты” [6, 536]. Осындай жалған жаланың құрбаны бо-

лып, дарға асылған Демежанның қабірі басына Әсеттің келуін жазушы былай суреттейді: “Содан бері де арада бес-алты жылдай уақыт өткен. . . Әсеттің жасы бұл күнде жасы қырық бестерге келіп, жігіт ағасы шағы” [6, 610-611]. Әдебиет тарихынан белгілісі Әсет атақты “Қара ағаш” өлеңіне дейін Демежанға екі өлеңін арнағаны белгілі. Оның бірі – 1905 екі империя арасындағы Шәуешекте өткен жәрмеңкеде өткізілген ат бәйгесінде Демежанның аты бірінші келсе де, орыс консулы қараулық жасап нөмірін ауыстырып, бәйгесін бермеуге айналғанда оны Демежан отырған биігінен сирағынан ұстап құлатып сабайды. Бәйге алғанына қасқа тай сойып жасаған тойына Әсет те қатысып, сол тойға сойылған “көк қасқа тайға” деген өлең батасында:

Алысқа кеткен даңқың бар,
Ағайын берген парқың бар.
Демежан қойып атыңды,
Демесін күткен халқың бар [2, 79]. –

деп, Демежанға зор баға береді. Әсет арнауларын қарастырған кезде Демежанның бәйбішесі Бибінің әкесі, яғни, қайын атасы Қоңыр батырға 1907 жылы арнаған арнауының бізге жетпеген бөлігінде Демежан аты ауызға алынған дейді осы өлеңге түсініктеме берушілер. Екінші өлеңінің бізге жетпеген бөлігінде Демежанның ауызға алынуын оның қытай үкіметі тарапынан дарға асылу қазасынан кейін шығарылған деп жобалаймыз, өйткені біреуге ғана арналған арнауда екінші кісінің есімі қосарланып аталмайды.

Қорыта айтқанда, Әсет ауыз әдебиеті үлгісіндегі арнау, жоқтау жырларымен шектеліп қана қоймай, Махамбет пен өз ұстазы Абайдан соң фольклордан енді-енді ірге ажырата бастаған элегия жанрын дамытып, жаңа биікке көтеріп әлемдік деңгейге жеткізе білді.

ӘДЕБИЕТ

1. Хасенов М. С. Мұқанов және фольклор. Алматы: Ғылым, 1980.
2. Әсет шығармалары. II томдық. Пекин: Ұлттар баспасы, 2000.
3. Абай. Өлең сөздің патшасы. Халықаралық Абай клубы. Жидебай, 2006.
4. Қожағұл С. Әсет ақын // Қазақ тарихы. 2003. №2.
5. Матыжанов К. Сөзбен сомдалған құлпытас: Жоқтау // Ақиқат. 2001. № 2.
6. Жұмаділов Қ. Тағдыр. Алматы: Жазушы, 1988.